

ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ – ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ҰДАЙЫ ЖҮРГІЗУ. БАРЛЫҚ ӨРТ ПОЙЫЗДАРЫ ҮНЕМІ АРНАЙЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРҒА ҚАТЫСАДЫ. СОҒАН ҚОСА ОЛАР ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДАҒЫ, ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ НЫСАНДАРЫНДАҒЫ АПАТТАН ҚҰТҚАРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ, ӨРТ СӨНДІРУГЕ ТАРТЫЛЫП, ҚАУІПТІ ЖҮКТЕР ТАСЫМАЛДАЙТЫН ПОЙЫЗДАРДАҒЫ АПАТТАРДЫҢ САЛДАРЫН ЖОЮҒА ЖҰМЫЛДЫРЫЛАДЫ.



«КТЖ» ҰК» АҚ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі тобының басшысы

Бақытжан ДІЛІМБЕТОВ,



№80 (2795)
11/10/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



«ЖАС ҮЗДІК МАМАН»: ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ!

Яркие, молодые, передовые, энергичные и позитивные железнодорожники собрались в столице, чтобы продемонстрировать все свои профессиональные навыки и умения. В АО «НК «КТЖ» состоялся республиканский профессиональный конкурс «Жас үздік маман» среди работников производственных железнодорожных профессий.

Асель ШАЙХЫНОВА
Астана

Конкурс «Жас үздік маман» состоялся среди пяти рабочих профессий железнодорожной отрасли, а именно: проводник пассажирского вагона, дежурный по станции, составитель поездов, машинист крана восстановительного поезда и электромонтер СЦБ.

– В компании работает очень много талантливой молодежи, на которую руководством возлагаются большие надежды. Уверена, в будущем они внесут весомый вклад в обеспечение стабильности, процветания и реализации стратегии, целей компании по обеспечению безопасности движения, а также совершенствованию и модернизации технологических процессов. Целью

этого важного мероприятия являются повышение престижности рабочих профессий, рост производительности труда и мотивация молодых работников. Конкурс прошел в два этапа – региональный и республиканский. Каждый этап включал в себя теоретические и практические задания для участников. Республиканский этап конкурса прошел 6-7 октября в Астане, где финалисты из

всех регионов Казахстана боролись за звание лучшего по профессии среди молодежи, – рассказала главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «КТЖ» Акмарал Байгабулова. Все этапы конкурса проведены по принципу прозрачности, честности и соревновательного духа.

(Продолжение на 3-й стр.)
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЭФФЕКТИВНОЕ РЕШЕНИЕ



Вопросы по устранению причин и условий, способствующих коррупции в грузовом железнодорожном движении, были рассмотрены в ходе совещания в Агентстве по противодействию коррупции.

Управляющий процессом АО «НК «Қазақстан темір жолы» Бауыржан Урынбасаров отметил, что в компании уделяется особое внимание формированию антикоррупционной культуры и привитию нулевой терпимости к таким правонарушениям.

– В АО «НК «Қазақстан темір жолы» для минимизации коррупционных рисков при оказании услуг по подаче и уборке вагонов на подъездные пути внедряются автоматизированные системы КТЗ Cargo и «Управление процессами грузовых перевозок/TMS». Проекты включены в Стратегию развития информационных технологий КТЖ на 2022-2026 годы, – отметил Бауыржан Урынбасаров.

Нововведения сделают процесс подачи-уборки вагонов прозрачным и открытым, а также упорядочат очередность их подачи под погрузку и коммерческого осмотра. Кроме того, будет полностью исключена подача документов на бумажном носителе в товарную кассу. Для фиксации коммерческих нарушений разрабатываются мобильные рабочие места приемосдатчиков.

Все действия пользователей в информационных системах будут логироваться. Но самое главное, они будут защищены от ручной корректировки данных.

Руслан РАХМЕТОВ



Әділхан ДӘКЕНОВ,
директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмолинское отделение ГП»:

Транзит

«КАСПИЙ БЕСТІГІНІҢ» БАСТЫ БАҒЫТЫ

Ақтау порты «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» көлік дәліздерінің негізгі элементіне айналуға қабілетті. Бұл туралы Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов Мәскеуде өткен ІІ Каспий экономикалық форумының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде мәлімдеді.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Үкімет басшысы Каспий өзінің географиялық орналасуына және бірегей транзиттік әлеуетіне байланысты халықаралық сауданы дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Ол күш-жігерді бірлесіп қолданудың маңызды бағыттарының бірі көлік инфрақұрылымын дамыту және халықаралық сауданы кеңейту екенін айтты.

– Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік және Шығыс-Батыс көлік дәліздерінің әлеуетін арттыратын трансшекаралық хабтарды қалыптастыру бойынша ауқымды жоспарлар белгіледі. Бұл: Ақтау және Құрық теңіз порттары, Қорғас «құрғақ порты», «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы және басқалар. Аталған хабтар Каспий елдерімен және одан әрі халықаралық нарықтармен сауда ағындарының кеңеюіне ықпал етеді, – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-министр сондай-ақ Мемлекет басшысының Ақтау портындағы ірі көлік-логистикалық орталыққа айналуы мүмкін Каспий маңы азық-түлік хабын құру



туралы бастамасына да тоқталды. Бұл ретте ол өңіраралық сауданың әлеуетін толық ашу үшін өңірдің көлік байланысын жақсарту қажет екенін атап өтті. Мәселен, транзиттік және экспорттық жүктердің маңызды бағыттарының бірі – «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі.

– Бұл – Парсы шығанағы елдеріне баратын ең қысқа жол. Сонымен қатар, Үндістаннан біздің бағытқа әлеуетті жүктер бар. Ақтау порты «Үндістан – Парсы шығанағы елдері – Иран – Қазақстан – Ресей» бағытында торапқа айналуы мүмкін», – деді Ә.Смайылов. Сондай-ақ, ол

Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы жүк ағындарын кеңейту үшін Транскаспий халықаралық көлік маршрутындағы «тар» жерлерді дамыту және синхронды түрде жою қажеттігін мәлімдеді.

– Қазақстан өңірдің транзиттік әлеуетін нығайту бойынша бірлескен іс-қимылдарға кірісуге дайын. Біз әріптестермен бұл жұмысты қазірден бастаймыз, тиісті жол картасын әзірлеп, транзиттік маршруттарымыздың әлеуетін кеңейтуге кірісеміз деп келістік, – деді Үкімет басшысы.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Үстіміздегі жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында «КТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 190 млн тонна жүк тиелді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың үшін тоқсанының деңгейінде өзгеріссіз қалып отыр.



Осы ретте, Қазақстан бойынша 126,5 млн тонна жүк тасымалданса, ал экспортқа 63,5 млн тоннасы жөнелтілген. Республикаішілік тасымалдар өткен жылдың сәуіріне қарағанда 2,4%-ке өскен.

Жүк тасымалының басым бөлігін көмір құрауда. Мәселен, биылғы есепті мерзім ішінде 79,5 млн тонна көмір тиелген. Бұл өткен жылдың тоғыз айы деңгейінен 3,7%-ке жоғары болып отыр. Қазақстан бойынша қатты отынды тиеу осы кезеңде 2%-ке, яғни 54,6 млн тоннаға дейін ұлғайған.

Астық жүгіне келсек, үш тоқсанда 6 млн тонна аталған әлеуметтік жүк тасымалданған. Оның ішінде экспортқа шығарылғаны – 4,6 млн тонна. Бұл ретте, астық өнімдері, яғни ұн тиелімі өткен жылға қарағанда 16%-ке артық болып, 1,9 млн тоннаға дейінгі көлемді құраған. Соның ішінде экспортқа бағытталған ұн көрсеткіші 33%-ке, яғни 1,3 млн тоннаға дейін өскен. Үш тоқсанда химиялық тыңайтқыштарды тиеу 4%-ке, яғни 3 млн тоннаға дейін, мұнай жүктерін тиеу 6%-ке немесе 13,8 млн тоннаға дейін, құрылыс жүктерін тиеу 2,6%-ке немесе 12,2 млн тоннаға дейін ұлғайған.

Іслам ТАЛҒАТ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2022 ГОДУ ДЛЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ РАБОТНИКОВ АО «НК «КТЖ» ЗАЛОЖИЛО И ПРИСТУПИЛО К ОСВОЕНИЮ

15,8 МЛРД ТЕНГЕ

СВЫШЕ **240 ТЫС.**

ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕЗЛИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ДО ОЗЕРА АЛАКОЛЬ В ЛЕТНИЙ ПЕРИОД 2022 ГОДА

С ИЮНЯ ПО АВГУСТ ТЕКУЩЕГО ГОДА ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ АҚМОЛИНСКОЙ И СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТЕЙ ПОСТАВЛЕНО БОЛЕЕ

184 ТЫС. ТОНН

КАМЕННОГО УГЛЯ

РАЗВИТЬ КОРИДОР СЕВЕР – ЮГ

Министр индустрии и инфраструктурного развития РК Каирбек Ускенбаев встретился с коллегами из стран Центральной Азии и Исламской Республики Иран. В ходе встречи, которая состоялась в Тегеране, были обсуждены вопросы по развитию транспортно-транзитного сотрудничества между регионами.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Отмечено, что странами-участницами поддержана инициатива по развитию коридора Север – Юг путем устранения «узких мест» в инфраструктуре, административных барьеров и создания благоприятных условий для перевозчиков.

– Мы заинтересованы в увеличении транзитного потенциала наших стран по международному транспортному коридору Север – Юг. На сегодняшний день установлено устойчивое транспортное сообщение между портами Ақтау и северными портами Ирана, Анзали, Амирабад. Для развития контейнерных перевозок портом Ақтау предоставлены скидки на

портовые услуги, тарифы на перевалку 40-футового контейнера снижены. Также налаживается контейнерное сообщение и по сухопутному железнодорожному маршруту Казахстан – Туркменистан – Иран, – отметил министр.

Вместе с тем участниками встречи представлены обзоры по инфраструктурными возможностями коридоров

и транспортных объектов, которые соединяют страны Центральной Азии с регионами Персидского залива и Южной Азии.

– Казахстан создает все необходимые условия и инфраструктуру, которые позволят повысить скорость и качество транзитных перевозок. Уверен, что данная площадка сблизит интересы наших стран, а также будет способствовать решению оптимальных задач для построения взаимовыгодного сотрудничества, – резюмировал Каирбек Ускенбаев.

По итогам встречи подписано совместное заявление министров транспорта о дальнейшем развитии сотрудничества.

КОМІР ТАСЫМАЛЫ БАҚЫЛАУДА

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Жылу беру маусымы басталғалы көмірге сұраныс арта түсіп, тасымалдау қарқын ала бастады. Ал оны дiттеген жерiне шашау шығармай жеткізу мен тарату бөлек әңгіме.



Жуырда Маңғыстаудағы әскерилендірілген теміржол күзеті мен желілік полиция өкілдері бірлескен іс-шара өткізді. Онда Маңғыстауға келіп жатқан көмір тасымалын бақылап, ұрлық-қарлықтың алдын алу сөз болды. Сай-Өтес станциясында өткен шара барысында бекет үстімен өтіп жатқан «қыстың қымбатты жүгі» тиелген вагондар тексеріліп, оларды тарату логистикасы пысықталды.

– 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымының басталуына орай және көмір жүгіне қылмыстық қолсұлушылық әрекеттерінің алдын алуға байланысты осындай профилактикалық жұмыстарды қолға алудамыз. Мақсатымыз – көмір тасымалын назарда ұстап, теміржолға жақын елді мекен тұрғындары мен теміржолшыларға арнайы түсінік жүргізіп, ұрлық-қарлықтың жолын кесу. Маңғыстауда көмір ұрлығы соңғы 4-5 жылдықта мүлде тіркелген емес. Бұрындары қара отын тиелген вагондар тоқтап тұрған кезде Сай-Өтес, Шетте станцияларында кешкі уақыттарда ұрлайтындар кездесетін. Енді елді мекендердің барлығы газбен қамтылған, оған қажеттілік жоқ. Әрине, көмір тұтыну көлемі азайғанмен, баршылық. Теміржолға, деполарға көмір келіп, қыстың қамы жасалуда. Сол үшін Сай-Өтес станциясынан басталған шараны өзге станцияларда да жалғастырамыз, – дейді Әскерилендірілген теміржол күзетінің Шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ бастығының Маңғыстау станциясындағы орынбасары Мәди Үндемесов.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР – ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫНДА

Ардан СЕРДАЛЫ,
Ақтөбе



Ақтөбелік теміржолшылар екі айға созылатын «Жаңа Қазақстан – таза Қазақстан» тазалық акциясына қатысуда.



«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Батыс» филиалының ғимаратында отырған Ақтөбе жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінің ұжымы өткен сенбіде жаппай сенбілікке шықты. Олар теміржол ғимаратының ауласын, сол маңдағы көшелерді тазалап, жапырақтар жиналып, өңі кеткен бағаналар сырланды.

«Ақтөбе – батыс өңіріндегі ірі қала. Қаламыздың тазалығына әр тұрғын жауапты. Соның ішінде теміржолшылар мұндай шарадан қашанда қалыс қалған емес. Аумақты тазалау жұмыстары тұрақты жүргізіледі», – дейді Ақтөбе магистральдық желі бөлімі директорының орынбасары Темірғали Көштаев.

Республика көлемінде жарияланған екі айлық санитарлық-тазалық жұмыстары теміржол мекемелерінде осыған дейін де өткен. Бұл жолы ауқымды түрде, екі бөлімшеден 50 адам қатысқан сенбілік болды. Теміржолшылар үшін тазалық жұмыстары тек сенбілікпен шектелген емес. «Таза бейсенбі» акциясы да мекемеде неше жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отырады.

Қазақстан темір жолы ғимаратының айналасы – жергілікті тұрғындардың сүйікті серуен орны. Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова атындағы даңғылда орналасқан теміржолшылар ғимаратының алдында шағын сквер бар, жаз бойы субұрқақ салқындатып тұрады. Балалар алаңы да бар. Кешкілік қаланы безендірген жарық шамдар бұл жерге ертегілер әлеміндегі ерекше сән береді. Сондықтан теміржолшылар ғимаратының алды күндіз де, түнде де қала тұрғындарына толы.

Суретті түсірген автор

Мерейтой

ПАРАСАТ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА



Батыс Қазақстан темір жолының дамуына орасан зор үлес қосқан Амангелді Селбаевтың есімі теміржолшы қауымға жақсы таныс. 15 қазанда 80 жасқа толғалы отырған ардагер теміржолшы туралы аз-кем естелігімізбен бөліскенді жөн көрдік.

...Амангелді Селбайұлы туралы айтқанда, ең алдымен ол кісінің азаматтық келбетін сөз еткен болар едім. Көшбасшы болу қабілеті оған жаратылысынан туа бітті дарыған қасиеттей әсер қалдырады. Бір сөзді екінші рет қайталамайтын, әр сөзін орнымен, терең дәлдікпен пайдаланатын, еш уақытта тақырыптан ауытқымайтын, тапсырманы жүйелі және тиянақты беретін қабілеті мені әрдайым таң қалдыратын. Сөзі мен ісінен шашау шықпай, үйлесім қабысып жататын. Шешімді жедел түрде қабылдайтын, болатын істі болады деп, болмайтын істі болмайды деп кесіп айтатын. Станцияларда өтетін тораптық жиын, тіпті селекторлық кеңестің өзін қырық бес минут, әрі кеткенде бір сағаттан асырмайтын. Сол азғантай уақытта қыруар мәселелер шешімін тауып, қанша тапсырма жүктеліп жататын...

Көптеген басшылардың қолынан келе бермейтін және бір қасиеті – қарауындағы мекеме басшылары есеп бергенде, баяндама жасағанда зер салып мұқият тыңдайтын. Жұмыста кемшілік жібергендерге жер-жебіріне жетіп дөрекі ұрсу табиғатына жат, жай сөзбен-ақ

еттен өткізіп, сүйекке жеткізетін. Еш уақытта адамның жеке басының ар-намысына тиетін сөз пайдаланбайды. Лексиконьында бейәдеп, балағат сөз деген болмайтын. Ұнатпаған адамының соңынан шырақ алып түсіп, сені жұмыстан қуам, қырам да жоям деген пендешіліктен жоғары болды. Тіпті жауапкершілікке тартылған теміржолшыларды, құқық қорғау органдары соңына түскен кейбір мекеме басшыларын барлық беделін салып қорғап қалғанына талай куә болдық. «Ол ең алдымен теміржолшы, саланы жақсы біледі, жұмысына жауапты деп» кейбір адамдардың анау-мынау «ер-келігіне» көз жұма қарағанын да көрдік. Қысқасы, азаматтық қасиеті өзін қырық бес минут, әрі кеткенде бір сағаттан асырмайтын. Сол азғантай уақытта қыруар мәселелер шешімін тауып, қанша тапсырма жүктеліп жататын...

Мен үшін Әбекеңмен бірге жұмыс істеген жылдар үлкен тәрбие мектебі болды. Ол іскерлікке қоса психолог та еді, адамның мінез-құлқы мен пифығын, кімнің кім екенін айыра білетін ғажап қасиеті болды. НОД-тың тоқсандық тексеру комиссиясы

шықты дегеннен бастап желі бойындағы біздер Әбекеңді ерекше бір ықыласпен күтетінбіз. Опорныйдан бастап, Бейнеу, Сайөтес, Шетте, Маңғышлақ, Өзен станцияларын аралағанда қасына еріп жүріп, еш уақытта ешкімді жалықтырмайтын, шаршатпайтын әңгімесін тыңдап, тәрбиесін көріп, ғажап бір рухани азық алғандай болушы едік. Әбекең станцияларға келісімен жұмысты ең бірінші мектептер мен балабақшаларды аралаудан бастап, тұрмыс жағдайлары төмен отбасылардың балаларына мейлінше көмек көрсетуге нұсқаулар беріп, мүмкіндігі аз мектеп түлектеріне сабақ үлгеріміне қарай арнаулы орта, жоғары оқу орындарына жолдама беріп, кейін оларды алдырып, қызметке тартып, әкелік қамқорлық жасағанына да куәміз.

Егер Әбекеңнің басшылығы жылдары Гурьев темір жолында шаруашылық әдіспен салынған тұрғын үйлерді, мектеп, балабақша, аурухана мен емхана, модениет үйі, монша, тағы толып жатқан әлеуметтік нысандарды, оларға тартылған жылу, канализация, электр, байланыс,

радиожелілерін, жолдарды бір жерге топтастырса, кішігірім қала болар еді.

1994 жылдың күзінде Президенттің ұсынысымен Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалған Амангелді Селбаевты жергілікті теміржолшылар қимай шығарып салды. Біздер, Маңғыстау, Бейнеу торабының мекеме басшылары кешкі пойызбен Атырауға барып арнайы қоштастық. Шын мәнінде дәл сол кездері елдегі жағдай аса қиын еді, нарықтық экономикаға көшіп жатқан олар тұста өндірістер тұралап, жұмысшыларына жалақы төлей алмай барлық сала құлдырап, жылу мен электр энергиясы қайта-қайта өшіп, ақша жоқ, зейнетақы жоқ, халықтың берекеті әбден кетіп тұрған уақытта Әбекең сияқты ұйымдастырушылық тәжірибесі мол, шарауашылық адамының облыс басшылығында болуы керек болғанын түсіндік, десе де, көңіліміз қоңылтақсып қалғаны жасырын емес.

Ол қызметті де үлкен абыроймен атқарып, соңынан Батыс Қазақстан темір жолының бастығы болып тағайындалып, сүйікті саласына қайта оралған Әбекең бертіңге дейін теміржолдан қол үзбей, өзі өсірген ізбасарларының ақылшы ұстазы, әлі күнге кеңешісі болып отыр. Бүгінде екеуміз де зейнеткерміз, Әбекең Атырауда, мен Астанада тұрамын, алыстан сәлем жолдап, күллі батыс теміржолшыларының ұстазы болған жанды мерейтойымен құттықтап, жүз жасына дейміз.

Игілік ҚИЛЫБАЙҰЛЫ,
Құрметті теміржолшы,
Астана

ТЕМІР ТҰЛПАРЛАРҒА СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Ақтөбе облысының әкімі өңірдің бюджетіне қомақты үлес қосып отырған теміржол кәсіпорындарының жұмысымен жан-жақты танысты.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Облыс басшысы алдымен ат басын бұрған мекеме Шалқар станциясындағы локомотив жөндеу кәсіпорны болды. “Қамқор локомотив” ЖШС қарасты сервистік орталықта бүгінгі таңда жылына 350-ден аса тепловоз сауықтырылады. 50 жылдан астам тарихы бар кешегі депоның данқы кезінде шартарапқа тараған. 1960 жылдары ары-бері қазақ жерінен өткен паровоздар мен тепловоздар осында аялдап, жеңіл-желпі жөндеу, техникалық қызмет түрлерінен өтеді екен. Кезінде мыңнан астам адам еңбек еткен ірі депо болған. Локомотив деполары нарықтық қатынастарға сай пайдалану



және жөндеу секторына бөлінген соң тек темір тұлпарларға сервистік қызмет көрсетумен айналысатын мекеме бүгінде толықтай қайта құрылған, жаңа өндірісті игеріп, жұмысын дөңгелетіп жүргізіп, соған лайық

табыс тауып отыр.

Теміржолшылар өңір басшысына өндіріс орнын тааныстырып, цехтар мүмкіндігін көрсетіп, жан-жақты ақпарат берді. Тепловоздағы ақаудың аппарат арқылы қалай анықталатыны, депоға әкеліп

қалай тексерістен өткізілетіні, әр тепловоздың қолдану уақытына байланысты жүрісі қалай бақыланып отыратынына дейін түсіндірді.

– Біздің сервистік орталықтың мүмкіндігі мол. Соңғы жылдары өндірістің заманауи аппараттармен жабдықталу деңгейі артып, тепловоздың астын толық ашып, тексеру мүмкіндігі жоғарылады. Қазан айында Ресейден 25-МК локомотиві келуі керек. Оның сервистік менгеру үшін онлайн оқып жатырмыз, яғни локомотив жөндеуін слесарьлар жаңа аппаратпен онлайн түрде танысып, пайдалану ерекшелігін меңгеруде, – деді сервистік орталық басшысы Қайрат Махамбетов.

Бүгінде кәсіпорында 387 адам еңбек етеді. Оның 250-і – слесарьлар. Орташа айлық 185 мың теңгені құрайды. Жылдар бойы осы кәсіпті меңгерген тәжірибелі мамандар тепловозды шашып, қайта жинап, жөндеу және құрастыру жұмыстарын толық игерген. Қолымыздан келмейді деп теміржол машиналарын қайтару немесе зауытқа жіберу жағдайы сирек. Еңбек өнімділігі де жоғары. Айына 35-40 тепловозды жөндеуден өткізуге мүмкіндіктері жетеді.

Суретті түсірген автор

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ – ҚАЗІРДЕН



Белкөл станциясында алдағы қысқа дайындықты арттыру мақсатында бекет жолдарының жай-күйін тексеріп, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Белкөл

Станция бастығы Кенжебек Өтегеновпен бірге аталмыш жұмысқа Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов, Қызылорда электрмен электростанциясының аға электромеханигі Сайлау Ибадуллаев және атаған учаскеге жауапты мамандар да қатысып, тексеруші топ жол айрықтарын, бағыттапталық бұрмалардың жолды бағыттап бұру пәрменіне сай жұмыс жасауын, жол төсемдерін, рельс тізбектерінің байланысын бақылаудан өткізді. Сын-ескертпелер есепке алынып,

кем-кетіктер жойылды.

– Станциялық жолдардың технологиялық талаптарға сай болуын тексеріп қадағалап отыру – бөлімше басшылығы тарапынан бекітілген шара. Ол айына кемінде екі рет өткізіледі. Оның орындалуы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға бағытталған жұмыстар тізбегіне енгізіліп, бақылауда ұсталады. Бүгінгі тексеру кезінде көзге түскен олқылықтар жол дистанциясы мамандарымен құжатталып, олардың орнына келтірілу уақыттары белгіленді. Алайда станция жолдарынан



қозғалысқа қауіп төндіретін тосын кемшіліктер анықталған жоқ. Дегенмен қысқа дайындық мақсатында жол күтіміне аса назар

аудару қажеттілігі ескерілді, – дейді Белкөл станциясының бастығы Кенжебек Өтегенов.

Суретті түсірген автор

«ЖАС ҮЗДІК МАМАН»: ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ!

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

– В первый день мы прошли тестирование в Центре оценки и развития персонала на железнодорожном транспорте. Здесь участники, набравшие проходные баллы по тестированию, были допущены на этап практических заданий. Практические задания проведены во второй день конкурса на специализированных площадках. Было волнительно, но интересно. Я очень люблю свою работу, горжусь ею. Мне 31 год, 11 из которых я тружусь на железной дороге, поэтому участие в этом конкурсе – большая честь и гордость для меня, – рассказал дежурный по станции Астана – Нурлы жол Жанат Ахшимов.

При этом оценку практическим заданиям давала комиссия, сформированная из специалистов и руководителей профильных хозяйств. Критериями

оценки стали качество выполненного задания, соблюдение правил техники безопасности и охраны труда.

По итогам конкурса победителями по номинациям стали: «Лучший проводник пассажирского вагона» – Мырзабек Ахметов из Актобинского участка филиала «Западный» АО «Пассажирские перевозки»; «Лучший дежурный по станции» – Әділжан Егінбек из Карагандинского отделения ГП; «Составитель поездов» – Бекмырза Хожаяев из Мангистауского отделения ГП; «Машинист крана восстановительного поезда» – Куаныш Аубакиров из Костанайского отделения магистральной сети; «Лучший электромонтер СЦБ» – Абдулла Оразов из Жамбылского отделения магистральной сети.

– Молодежи в АО «НК «ҚТЖ» открыты все двери!

И этот конкурс – очередное тому доказательство. Таким образом, в компании приветствуют молодежь, которая берет на себя дополнительную ответственность, проявляет инициативу, мотивирует людей, эффективно и качественно выполняет работу в самых разнообразных условиях, постоянно повышает свой профессиональный уровень. Кадровая политика АО «НК «ҚТЖ» нацелена на поиск талантливой молодежи. Все вы, каждый из вас – это будущее железной дороги, – сказал в своем поздравительном слове главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

Победители отмечены дипломами, статуэтками и единовременной выплатой за первое место в размере 100 МРП; второе место – 80 МРП; третье место – 60 МРП. Помимо этого, за победителями

закреплено преимущественное право на повышение тарифного разряда.

– Сначала все мы прошли региональные этапы – это уже большая победа. А здесь, в Астане, за эти дни я получил массу самых запоминающихся впечатлений и классных эмоций! Мне было интересно все – участие в конкурсе, работа над практическими заданиями, тесное общение и налаживание дружеских контактов с ребятами из разных регионов, экскурсия «Астана – город сбывшейся мечты!». Мне нравится моя профессия, я – проводник. Считаю, что служить людям, делать их время в пути комфортным – это достойная работа. Я очень благодарен руководству компании и организаторам за такой великодушный конкурс, который нас всех реально окрылил, и теперь хочется еще больше творить и созидать во благо компании, любимой стальной магистрали! – поделился эмоциями Мырзабек Ахметов.

Осмотр

ЗИМА ОЦЕНИТ

В Костанайском регионе завершился традиционный осенний комиссионный осмотр. В этом году он проводился с 6 сентября по 7 октября.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В период осмотра члены комиссии во главе с директором филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбеком Казымовым провели систематический и регулярный объезд станций, железнодорожных участков, произвели тщательное обследование всех подразделений. Они осмотрели и определили состояние инфраструктуры,

подвижного состава, технических средств, подъездных путей и выявили имеющиеся отклонения в их содержании. Также было проверено состояние безопасности движения, охраны труда, особое внимание уделялось проверке исправности работы противопожарных устройств. Комиссия выявила и устранила недостатки в обеспечении безопасности работающих. Не менее важной задачей является оценка готовности локомотивного парка к эксплуатации в



наступающем зимнем сезоне. У локомотивов проверялась работа всех систем в зимних условиях, произведена смена смазывающих материалов. Члены комиссии приняли все необходимые меры по устранению обнаруженных недостатков и нарушений, рассмотрели вопросы и предложения

работников, поступившие в ходе осмотра. По завершении осмотра проведено итоговое совещание, а также издан приказ, в котором отражены результаты проверки и разработаны мероприятия по устранению выявленных недостатков.

Фото автора

УСТРАНИТЬ ОШИБКИ В СРОК

В Карагандинском регионе проходит ежегодный осенний комиссионный осмотр. В ходе его проведения был выявлен ряд нарушений.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Об этом сообщил главный ревизор департамента по безопасности движения по Карагандинскому региону Булатбек Альмуразаев. С его слов, технология осмотра и обработки процесса вагона показала некачественное обслуживание вследствие ненадлежащего осмотра и ремонта узлов и деталей исполнителями (мастерами, бригадирами, слесарями и осмотровиками-ремонтниками депо).

К примеру, на некоторых пунктах, где производится смена колесных пар, краны и краны-балки не прошли освидетельствование на продление



срока службы и таким образом были выведены из эксплуатации.

– Практически на всех участках текущего отцепочного ремонта (ТОР) грузоподъемные механизмы выработали свои ресурсы, а электрические тали (гельферы) находятся в плачевном состоянии

– наблюдается большая изношенность механизмов, – говорит Булатбек Альмуразаев. – В связи с этим зачастую происходят сбои в работе. В ходе осмотра также было выявлено, что две вагоноремонтные машины ВРМ «Донбас» подлежат ремонту.

Также установлен низкий уровень материально-технического снабжения в пунктах текущего отцепочного ремонта. Выполнение плана закупок составляет всего 21%. Ко всему прочему продолжается систематическое бросание грузовых поездов, что создает угрозу безопасности движения поездов и отрицательно влияет на пропускную и провозную способность.

Всего ревизорским аппаратом РБ-4 во время осеннего комиссионного осмотра было вынесено 234 замечания, принято 37 запретных мер. За аналогичный период 2021 года вынесено 239 нарушений и принято такое же количество запретных мер.

– Необходимо провести работу над ошибками, так как впереди зима, и очень важно встретить ее без технологических проблем, а самое главное – без угрозы безопасности движения на железнодорожных путях, – резюмировал спикер.

Фото автора

Рационализация

ГЕНЕРАЦИЯ ИДЕЙ

В НТИ Алматы прошел тренинг среди работников предприятий региона с целью активизации рационализаторской деятельности и развития технического творчества.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В мероприятии приняли участие сотрудники, занимающиеся рационализаторской деятельностью. Работникам была представлена информация, по каким номинациям награждаются победители

конкурса, даны разъяснения о размере авторского вознаграждения за внедренное рационализаторское предложение с экономическим эффектом, где автор/соавтор может получить от 100 тысяч до пяти миллионов тенге. Причем НТИ осуществляет мониторинг таких предложений для того, чтобы вести учет по

оплате вознаграждения в срок с требуемыми правилами.

– Тренинг, бесспорно, даст новый импульс для реализации по внедрению наиболее актуальных проектов в повседневную деятельность предприятий, выявит наиболее перспективные идеи, нестандартные обоснования и неожиданные решения технических задач, которые успешно находят свое отражение в деятельности предприятий региона, – говорит начальник Алматинского НТИ Ержан Сабанчиев.

Во все времена рационализаторство – один из рычагов научно-технического прогресса, успешный залог эффективности производства, совершенствование техники и технологий.

МОЗГОВОЙ ШТУРМ

Павлодарские железнодорожники-рационализаторы приняли участие в тренинге «Рационализаторская деятельность в АО «НК «ҚТЖ». За первое полугодие в регионе было внедрено 20 усовершенствований.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Обучающий семинар прошел в стенах технической библиотеки Павлодарского отделения магистральной сети. Перед началом тренинга участники предоставили информацию по рационализаторской деятельности в национальной компании и ее ДО, рассмотрены внесенные

изменения в правила рационализаторской деятельности.

– Цель обучения – это активизация рационализаторской деятельности и развитие технического творчества. В ходе тренинга вновь назначенные технические информаторы линейных подразделений научились составлять документацию на рационализаторское предложение, поработали над своими ошибками,



– рассказал тренер и начальник центра научно-технической информации Павлодарского отделения магистральной сети Мурат Смаилов. – Наша задача – поддержать железнодорожников, создать условия для генерации идей, обеспечить правовой защитой рационализаторской деятельности. Не менее важно

оптимизировать расходы и сократить потери нацкомпании. По завершении мероприятия главный библиотекарь технической библиотеки Павлодарского отделения магистральной сети Татьяна Бахтина провела рационализаторам экскурсию по фонду книгохранилища.

Фото автора

ЖДУТ С НЕТЕРПЕНИЕМ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



Медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» вновь посетил Акмолинскую область. В его маршруте было 10 железнодорожных станций региона.



Всего за период с 19 августа по 9 октября медицинский поезд проехал станции Сары-Оба, Ельтай, Октябрь, Ащи-Голь, Кзыл-Ту, Первая Целинная, Аксуат, Красивый-Казакский, Жаксы, Адыр.

Работники станций и члены их семей получают консультацию высококвалифицированных специалистов. Все услуги оказываются бесплатно. К тому же люди могут получить не только консультацию, а также сдать анализы, пройти УЗИ, сделать рентген и эндоскопию. Поэтому «клинику на колесах» здесь ждут с большим нетерпением.

За истекший период специалистами консультативно-диагностического поезда «Саламатты Қазақстан» осмотрено 5 305 жителей, в том числе 707 детей, 4 598 взрослых. Общее количество врачебных посещений – 30 486.

Следующим пунктом назначения в маршруте медицинского поезда станет Карагандинская область.

Фото автора

ПРИЧИНА ОДНА – СКОТ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Более 100 случаев экстренных торможений допущено за девять месяцев текущего года в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо. Чаще всего приходится тормозить для того, чтобы предупредить наезды на скот, который безнадзорно находится в зоне повышенной опасности.

За январь – сентябрь 2022 года допущено 111 случаев применения экстренного торможения поезда. Из них в 14 случаях предотвращен наезд на человека, в 67 – на скот, в двух случаях удалось предупредить наезд на транспорт, еще в двух – на посторонние предметы. В двух случаях наезд на человека предотвратить не удалось. В 14 случаях произошел наезд на скот, еще в одном – на транспорт.

Хотя число экстренных торможений за девять месяцев увеличилось, но стало меньше наездов на людей и скот.

В течение сентября 2022 года допущено 15 случаев применения экстренного торможения поезда. Из них в одном случае удалось избежать наезда на человека. Это произошло 5 сентября на 11-м километре станции Усть-Каменогорск в 4 часа утра.

Еще в 10 случаях экстренные торможения, допущенные за сентябрь, предотвратили наезды на скот. Они произошли на перегонах НУК – Ермаковка, Бухтарма – Заводинка, Сарыжал – Шалабай, Оскемен-1 – Коршуново, Таусамалы – Кумистау, Таусамалы – Ермаковка, Коршуново – Черемшанка, Предгорная – Фестивальная.

В двух случаях избежать наездов на скот не удалось. Они произошли на перегонах Таусамалы – Ермаковка, Сарыжал – Шалабай.



Қазалы локомотив пайдалану депосының ұжымы майталман машинист Әділхан Әлмахановты зейнет жасына ерекше жағдайда шығарып салды. 40 жыл бойына локомотив тізгіндеген машинист жолаушылар тасымалындағы соңғы рейсін Тальго пойызымен аяқтады.

СОҢҒЫ РЕЙСТЕН – ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ

Теміржолдағы еңбек өтілі 230 жылдан асағын әулеттен 3 «Құрметті теміржолшы» шыққан. Сондай-ақ бұл әулеттің қазіргі жас буыны Тоқтар Әлмаханов – «ҚТЖ-100 жас есім» жобасының қатысушысы.

– Теміржолшылар отбасында дүниеге келіпін. Бұл – мен үшін үй мен түзде бірдей, өмірімнің өзегіне айналған сала. Әкем Әлдебай КСРО кезінде «1 млн км апатсыз» деген медаль алған, Құрметті теміржолшы атағының иегері. Ағаларым Қанат пен Әскербек те талай жыл теміржолда тер төгіп, Құрметті теміржолшы атанған. Әділбек ағам да машинист болып, зейнетке шыққан. Осылайша Қазақстан теміржолы – біздің екінші ұямызға айналды. Осы саладан несібімізді тауып, отбасымызды асырап, адал еңбектің арқасында үлкен беделге де ие болдық. Бір қунарлығы, теміржолдағы кәсіп ұрпақтарымызға жалғасып жатыр, – дейді 57 жасында

салалық зейнетақымен еңбек демалысына шығып отырған Әділхан Әлмаханов.

Кейіпкеріміз 1982 жылы мектепті бітірген соң Ақтөбе тепловоз жөндеу депосында слесарь болып жұмысын бастаған. 1983 жылы Қазалы бекетінде машинист көмекшісің дайындайтын техникалық мектепті бітіріп, 1984-1986 жылдары Отан алдындағы әскери борышын Германияда өтейді. Елге оралған соң Қазалы локомотив пайдалану депосында машинист көмекшісі болып бастап, 2003 жылы машинист, 2007 жылы 2 класты машинист, бес жылдан соң 1 класты машинист атанып, 2007-2022 жылдар аралығында жолаушылар тасымалын жүргізді. Соның ішінде 2012 жылдан бері Тальго пойызын тізгіндеді. Депо ұжымы тарлан теміржолшыны үлкен құрметпен зейнетке шығарып салды.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

ДА БУДЕТ ГОРОД-САД!

В честь предстоящего 10-летнего юбилея работники станции Алтынколь и других смежных подразделений высадили деревья.

Теперь аллею украшают вечнозеленые туи, которые хорошо переносят морозы. Такое дерево называют еще «жизненным», они могут расти сотни лет. В посадке хвойных деревьев приняли участие первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нуржан Курманалиулы, директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексембиев. Надо отметить, что работники с большим рвением и заботой сажали деревья, корни саженца перед посадкой держали в емкости, затем по центру ямы расправляли корни и аккуратно засыпали землей.

– Пусть эти еще маленькие туи станут



определенным стартом для развития и процветания нашей станции, – отметил исполняющий обязанности начальника станции Алтынколь Куаныш Жаксыбек.

Работы по возведению станции Алтынколь начались осенью 2010 года. Масштабы стройки всегда поражали, здесь работало более 600 человек и 60 единиц техники. Вопреки географическим условиям, сложному ландшафту,

строители уверенно прокладывали путь, строили Алтынколь, были обеспечены всем необходимым, в их арсенале были современная техника, новейшие технологии, интересные решения и профессиональные кадры.

Все здания по архитектурному дизайну отличаются друг от друга с учетом специфической деятельности. А поселок Нуркент напоминает мини-городок с развитой инфраструктурой, здесь построены дома, общежитие, школа, детский сад, банно-прачечный комплекс, пожарное депо, амбулатория на 100 посещений, торговые точки.

Станция Алтынколь вошла в историю связующей гранью второго международного перехода, мощным транспортным предприятием, являясь визитной карточкой региона, и с каждым годом наращивает свой потенциал. А центральная аллея из хвойных деревьев всегда будет радовать глаз и станет любимым местом для отдыха алтынкольцев.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

ВНИМАНИЕ ВАЖНЕЕ ПОДАРКОВ

Тепло и душевно поздравили пенсионеров железной дороги в совете ветеранов Защитинского узла Семейского отделения грузовых перевозок. Для активистов они устроили чаепитие.

Посиделки ветеранов были приурочены ко Дню пожилых людей. В этот день работники Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) и представители профсоюзных организаций навестили пожилых людей, постоянно проживающих в социальном учреждении микрорайона Защита Усть-Каменогорска.

– Мы собрались вместе с председателями советов ветеранов дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ». Поздравили друг друга, поговорили по душам, обсудили дальнейшие планы. Организовать праздник нам помогло ООО «Казпрофтранс», – рассказал председатель совета ветеранов Защитинского узла Семейского отделения

грузовых перевозок Кусайн Кожакметов.

Председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов, а также Дидар Бурбаев, Олжас Слямбаев, Надежда Вичинина из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо принесли пожилым людям продуктовые корзины.

– Обычно мы ежегодно поздравляли в основном пенсионеров железной дороги, и я даже не знал, что в микрорайоне Защита есть дом престарелых, и сейчас там находятся 80 человек, – рассказал начальник производственно-технического отдела ТЧЭ-22 Дидар Бурбаев. – Там нет наших пенсионеров-железнодорожников,



но мы захотели поздравить пожилых людей с их праздником.

Пенсионеры, как говорят в депо, очень рады поздравлениям, ведь для них важно не столько подарки, сколько добрые слова и общение.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото Дидара БУРБАЕВА

Спорт

ТЕННИСТЕН БАҚ СЫНАСТЫ

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-ның 25 жылдығы мен Кәсіподақ ұйымының құрылғанына 30 жыл толуына орай үстел теннисінен өңірлік біріншілік болып өтті. Оған желі бойынан 45 адам қатысып, жалпы саны бес команда бақ сынасты.

Жалпы, үстел теннисі – семейлік теміржолшылар арасында кеңінен танымал спорт түрі. Сондықтан аталмыш біріншілікте командалық және жеке тәртіп бойынша жарыстар өткізу ұйғарылған болатын. Бірнеше айналым бойынша өткен сайыста теннистің нағыз шеберлері іріктеліп, бас жүлдені Семей станциясының теміржолшылары жеңіп алды. Ал екінші орынды Семей локомотив пайдалану депосы алса, үшінші орынға қалпына келтіру пойызының спортшылары тұрақтады.



ІРІКТЕУ ОЙЫНЫ ӨТТІ

Жуырда теміржолшылардың жақсы көретін спорт түрі – шағын футболдан Кәсіподақтың 30 жылдығына орай өңірдегі темір жол мекемелері арасында іріктеу ойыны өтті.

Жарысқа 5 команда қатысты. Олар – Атырау және Мақат локомотив пайдалану депосы, Мақат станциясы, Әскерлендірілген күзет және Транстелеком командалары. Ө дегеннен қызу басталған ойында барлық командалар жақсы дайындықпен келгендерін байқатты. Қарсы-

ласына ұпай бермеуге тырысқан командалар бір-біріне дес бермей, қызу тартысқа түсті. Жарыстың аты жарыс, бір ойында жеңіліс, екінші ойында қарсыласын ойсырата жеңді. Аймақта шағын футболдан ғана емес, спорттың барлық түрінен жүлдені бермейтін мықтылар бұл жолы да қара



үзіп алға шықты. Бірінші орынды Атырау локомотив депосының командасы жеңіп алды. Екінші орынды Транстелеком командасы иеленсе, үшінші орын Мақат станциясының ойыншыларына бұйырды. Сөйтіп, жеңімпаз Аты-

рау локомотив депосы футбол командасы Ақтөбе қаласында өтетін келесі іріктеу ойынына жолдама алды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау
Суретті түсірген автор

25 ТОЧНО В КОРЗИНУ!

В Высшем колледже электроники и коммуникаций прошел турнир по баскетболу, посвященный 30-летию со дня образования отраслевого профсоюза и 25-летию АО «НК «ҚТЖ».

В спортивном состязании приняли участие восемь команд различных структурных подразделений Павлодарского отделения ГП. Это Павлодарская дистанция сигнализации и связи, отделение ГП, станция Павлодар, Екибастузское эксплуатационное локомотивное депо, Екибастузское эксплуатационное вагонное депо, Екибастузская дистанция сигнализации и связи, ТОО «Теміржол-

су-Павлодар», Павлодартранстелеком. Игра получилась эмоциональной и захватывающей. Каждая из команд показывала отличные результаты, но в финал вышли сильнейшие. В итоге первое место заняла сборная станция Павлодар, второе – сборная команда ГП и магистральной сети, тройку лидеров замкнули сотрудники Павлодартранстелекома. Все призеры были награждены грамотами,



медалями, кубками и призами.

Айдана ЕРТАЙ
Фото автора

АТЛЕТЫ ҚТЖ НА ASTANA MARATHON 2022

Работники АО «НК «ҚТЖ» на минувших выходных приняли участие в Astana Marathon 2022, собравшем в столице порядка трех тысяч спортсменов из разных стран мира.



В забеге приняли участие чемпионы страны и спортсмены-любители, атлеты Казахстана, Великобритании, США, Нидерландов, Испании, Италии, Южной Кореи, Узбекистана, Монголии и других государств.

На старт также вышел аким Астаны, председатель столичной федерации легкой атлетики Алтай Кульгинов.

– Столицу можно назвать городом с хорошо развитым спортивным кластером. Для того чтобы жители города могли заниматься различными видами спорта, мы создаем соответствующую спортивную инфраструктуру, оказываем поддержку детско-юношеским спортивным школам, – отметил на торжественной церемонии открытия международного марафона Алтай Кульгинов.

Участникам массового забега предлагалось две дистанции на выбор – 42,2 и 10 километров. От АО «НК «ҚТЖ» в спортивном мероприятии поучаствовали восемь представителей Railways Athletics Club во главе с главным инженером компании Батыром Котырвым. Все они, несмотря на промозглую осеннюю погоду и моросящий дождь, успешно преодолели дистанцию в 10 километров.

– Марафон для любителей бега – это всегда большое событие. Особой подготовки к нему мне не потребовалось, так как я постоянно занимаюсь спортом, в том числе с тренером, участвую в забегах на разные дистанции. Так, в сентябре впервые пробежал марафонскую дистанцию 42,2 километра в Алматы, принимал участие в забеге на 10 километров в родном Семей, а также в первом марафоне ERG Run Fest в Павлодаре, – поделился начальником техотдела Семейского отделения магистральной сети Нурлан Бегадилов.

К слову, в августе спортсмен-железнодорожник поучаствовал в одном из самых сложных соревнований – горном марафоне Irbis Race 2022 в Зайлийском Алатау. Нурлан Бегадилов преодолел дистанцию Aktas Trail в 17 километров с набором высоты до 1 300 метров и получил медаль финишера.

Прошедший на минувших выходных Astana Marathon 2022 – благотворительная акция, и число ее участников из года в год растет.

Любовь РОББА, Астана
Фото автора

КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубай 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.